



№ 9 (1359)
25 желтоқсан
2007 жыл

ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ



Т.Ә. ҚОЖАМҚҰЛОВ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры

ОСНОВНЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ развития КазНУ им. Аль-Фараби за 2001-2007 гг

Указом Президента Республики Казахстан НАЗАР-БАЕВА Н.А. от 5 июля 2001 года университету предоставлен особый статус — **национальный**.

Деятельность КазНУ им. Аль-Фараби за эти годы осуществлялась на основе законов РК и в соответствии со Стратегией «Казахстан — 2030», Посланиями Президента РК народу Казахстана.

Одним из первых шагов было нового ректора предложение увековечить память основателя КазГУграда, ректора университета 1970-1986 гг., **ДЖОЛДАСБЕКОВА У.А.**, присвоив его имя Дворцу студентов. Ученым советом университета решение было принято **единогласно** (протокол №1 от 25 сентября 2001 года). Этот акт стал консолидирующим началом и укрепил веру каждого о достойной оценке его вклада!

Необходимо было решать огромный пласт вопросов, проводить современную админис-

тративную политику, **ведь** полномасштабные реформы в обществе отражались во всем. Рыночная экономика, введение частной собственности требовали **принципиально нового** подхода к подготовке кадров, организации научно-исследовательских работ. Адаптируясь к новым реалиям были разработаны и приняты **новые Устав КазНУ им. аль-Фараби, Положения** об Ученом совете университета, о факультетах, кафедрах, **НИИ, Индивидуальный трудовой договор** и другие. Наивысшей задачей стала подготовка востребованных рынок труда, конкурентоспособных кадров, формирование личности — гражданина суверенного Казахстана!

(Продолжение на стр. 2)

АЛТЫН АНАМ, ОТАНЫМ, ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ – ҚАЗАҚСТАН

16-желтоқсан Қазақстан елі үшін ұлы мереке. Тендігімізді алып, тәуелсіздік таңы атқан арайлы күн. Бұл күнді қазақтың әрбір баласы, Қазақстан халқы ерекше көңіл күймен, зор мақтанышпен қарсы алатыны сөзсіз. Осы орайда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті де «Алтын анам, Отаным, сенен аяр жаным жоқ, сенен іркер күшім жоқ» деген қағиданы ұстанатыны аян. Қандай мерекені болсын атаусыз қалдырмайтын қарашанырақ, өсіресе, тәуелсіздік мерекесінің өзгерек өтуін, жоғары тойлануын қадағалайды. Жыл сайын бұл мерекені зор мақтанышпен қарсы алатындығына талай куә да болдық. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне арналған, дәстүрлі өткізілетін «Менің Қазақстаным!» фестивалі бұл жолы да өз жалғасын тапты. Осымен алтыншы рет өткізіліп отырған дәстүрлі фестивалдің биылғы бағдарламасы «Қазақстан 2030» стратегиясына 10 жыл толуына орайластырылған еді.

мерекелік кештен байқағанымыз көрермендер қатары бұл мерекеден жаңалық күткендей. Университет ректоры Төлеген Қожамқұлов өзінің құттықтау сөзінде ҚазҰУ ұжымына, студенттер қауымына алғыс айтып, еліміздің беделі асқақтап, қара шаңырақтың мерейі арта берсін деген шынайы тілегін жеткізді. Құттықтау сөзден кейін орын алған композициялық қойылымның қайсысын қарасаңыз да әрбірінің айтар ойы, берер тәлімі мол. Қазақстан үшін тәуелсіздік кезеңі жаңару жылдары болды.



Фестивалдің алғашқы күні «Қазақстан – Ғажапстан» деп аталып, алдын-ала өткен іріктеу кезеңінде жеңіп шыққан 7 факультеттің композициялық қойылымдарымен сабақтасты. «Қазақстан- Ғажапстан»

шымылдығын ашқан «Қазақ жері» өні (орындаған Ю.Копнов) көрерменге мерекелік көңіл күйден шашу шашты. «Шын беріле қызықтаған нәрсе ғана адамның жүрегінен орын алады» (әл-Фараби) дегендей, бұл

Қазақстан әлем сахнасына ең жауапты, сенімді, бейбітшілікті сүйетін мемлекет ретінде танылды.

(Жалғасы 3-бетте)

санда:



4-бет

Ұлы
СУРЕТКЕРДІҢ
ШӘКІРТІНЕ –
80 ЖЫЛ



5-бет

ЧТО
МЫ
ЗНАЕМ
О КОРЕЕ?

ТҰҒЫРЛЫ
ТӘУЕЛСІЗДІК
ТАҢЫ

6-бет





ОСНОВНЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ

развития КазНУ им. Аль-Фараби

за 2001-2007 гг

(Начало на стр. 1)

Если охарактеризовать этот период деятельности в целом, то наиболее яркие, обобщенные, отличительные достижения следующие:

КазНУ им. аль-Фараби,
- Первый вуз в республике, полностью внедривший трехступенчатую

неральном рейтинге вузов страны.

Глава государства Нурсултан Абишевич НАЗАРБАЕВ в 2005 году во Дворце студентов имени У.А.Джолдасбекова сказал, что: «Казахский национальный университет имени аль-Фараби – фундамент системы высшего образования Казахстана» и учредил 100 Президентских стипендий лучшим студентам.

оборудования, строительно-ремонтные работы), университет целенаправленно взял на себя.

- Библиотечный фонд пополнился литературой на сумму более 174 млн. тенге.

Экономический подъем государства отразился и на финансовое положение университета в целом. Если в 2001 году годовой бюд-

ВЫСОКИЕ ГОСТИ УНИВЕРСИТЕТА



тую систему образования: бакалавр – магистр – PhD (доктор философии), в соответствии с мировыми стандартами. При этом, приобретены и задействованы в учебно-научном процессе ~ 2 000 компьютеров нового поколения с подключением к сети Интернет.

- Единственный вуз, где наряду с традиционными структурами (14 факультетов, 102 кафедры), создана сеть из 15-ти научных центров и 7-ми научно-исследовательских институтов, технопарка, обладающих статусом дочерних государственных предприятий, с принципиально новым механизмом финансирования. Это показательный пример реального возникновения инновационных кластеров в научно-образовательной сфере, обеспечивающих подготовку специалистов, конкурентоспособных на мировом рынке труда.

- Первым в истории вузов Казахстана и стран Центральной Азии в 2003 году в г.Болонья, Италия, подписал Великую Хартию Университетов, проложив путь практического вхождения университетов центрально-азиатского региона в мировое образовательное пространство. В настоящее время количество зарубежных вузов-партнеров стало свыше 400.

- Первым в истории страны в 2006 году стал Лауреатом Премии Президента Республики Казахстан за достижения в области качества. Премия Президента страны является наивысшим показателем и оценкой деятельности в нашем государстве. КазНУ им.аль-Фараби неизменно занимает первое место в Ге-

Наряду с учебным процессом, особый вопрос – создание современных условий быта и отдыха студентов, питания, занятия спортом, духовного развития и творческой деятельности:

- Во Дворце студентов им. У.А.Джолдасбекова организованы 20 кружков (оркестр народных инструментов «Фараби сазы», танцевально-хореографическая группа «Махаббат», Хор, КВН, эстрадный кружок, кружок «Жас ақындар» и др.), художественной самодеятельности. Созданы Молодежный духовный центр и студенческий драматический театр «БІЗ», не имеющих аналога в вузах страны.

- Существенно активизировалась спортивная жизнь. Если в 2001 году было всего лишь 1 КМС, 16 перворазрядников и ни одного Мастера спорта среди студентов, то на сегодня имеется 12 МСМК, 34 МС, 61 КМС, 384 перворазрядников, среди которых 46 членов Национальной и 16 членов Олимпийской сборных РК.

- За последние 5 лет из 14 общежитий, где проживают ? 5 000 обучающихся, в 12 осуществлен капитальный ремонт, с полным обновлением твердого и мягкого инвентаря, трехместным постельным бельем, созданием компьютерных классов с выходом в Интернет (планируется завершить капитальный ремонт оставшихся двух в 2008 году).

- Для студентов созданы все условия качественного питания по доступным ценам. Это достигнуто тем, что часть затрат, влияющих на ценообразование (приобретение посуды, холодильных камер и другого

жет университета составил ? 1 млрд. 619 миллионов тенге, то в 2007 году – 7 млрд. 116 миллионов тенге (прирост составляет ? 5,5 млрд. тенге). Соответственно увеличился и фонд оплаты труда, от 780 млн. тенге до 2 млрд. 413 млн. тенге (более 3-х раз). Этот жизнеобеспечивающий фактор прочувствовал каждый сотрудник университета. Например, если ставка профессора в 2001 году была ? 29 тысяч тенге, то сейчас составляет ? 78 тысяч тенге. С учетом премиальных и других выплат стимулирующего характера реальный доход еще выше. Активно занимающиеся наукой, имеют дополнительные финансовые источники в виде грантов. Таких в университете не мало.

Самым важным, историческим событием является то, что с поддержкой и по решению Главы государства Назарбаева Н.А. начато и полным ходом идет полномасштабное строительство II-го этапа КазГУграда, включающий 14 объектов (Фундаментальная библиотека, учебные корпуса физического, механико-математического, химического факультетов, НИИ, общежития на 500 и 800 мест, Дворец спорта с плавательным бассейном, Институт Востока, Учебно-вычислительный и Административно-производственный центры, подземные паркинги и др.), с общей оценочной стоимостью ? 22 млрд. тенге (? 10 млрд.тенге бюджетных и ? 12 млрд.тенге средств инвестора).

(Продолжение в следующем номере)

Құттықтаймыз!

Мемлекетке сіңірген еңбегі, белсенді қоғамдық қызметі, елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына, халықаралық арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 7-желтоқсанындағы № 485 жарлығымен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің төмендегі қызметкерлері Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапатталды:

«ПАРАСАТ» орденімен

ӘБЖЕНОВ Матиполла Салахадинұлы – әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің профессоры

«ҚҰРМЕТ» орденімен

БАСЫБЕКОВА Күләш Есіркегенқызы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті

ИНЮШИН Виктор Михайлович – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің зертхана меңгерушісі

ПИВЦОВ Василий Талғатұлы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті институтының зертханашысы

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ҚАЙРАТКЕРІ» құрметті атағымен

ЕЛЕМЕСОВ Раушан – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры

КИМ Гера – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі

МАРАПАТТАЛДЫ!

Мәдениет және ақпарат министрлігінің шешімімен «МӘДЕНИЕТ ҚАЙРАТКЕРІ» атағымен

БЕКНИЯЗОВ Төрегелді – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінің кафедра меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты

МАРАПАТТАЛДЫ!

P.S. Еңбектері мемлекеттік деңгейде еленген әріптестерімізді ҚазҰУ профессорлар және оқытушылар құрамының атынан «Қазақ университеті» газетінің ұжымы шын жүректен құттықтайды!

Сүйінші!

ИРАН ӘДЕБИЕТІ ЖАЙЫНДА ОҚУЛЫҚ ЖАРЫҚ КӨРДІ

«Қазақ университеті» баспасынан белгілі ирантанушы-ғалым Өтеген Күмісбайұлының «Иран әдебиеті» атты оқу құралы жарық көрді. Көп уақыттан бері иран әдебиеті мен шығыс (иран) поэзиясын зерттеп, оны қазақшалап жүрген ғалым-ақын Ө.Күмісбайұлының бұл оқу құралы иран әдебиетіне маманданып жүрген шығыстанушы-ирантанушылар мен шығыс поэзиясына қызығушылық танытқандарға арналған.

Онда парсы елінің көне жөдігері, діни-теософиялық шығарма – «Авеста» туралы жаңаша көзқарас, тың идеялар ұсынылған. Айырықша оқулыққа прозалық шығармалардың енгізілуі, оны автордың өзі тәржімалағандығы еңбектің құндылығын арттыра түскен.

Бұған дейін біз Өтеген ағаның тек поэзиялық аудармаларын білетінбіз. Кітапта бұрынғы аудармалармен қоса жаңа тәржімаларға да орын берілген. Иран елінің белгілі

прозаиктері – Хосрау Шахани, Фаридун Тонкабани, ақындар, ғазал жанрының ұсталары – Бинон, Хилоли, Зебуниссо шығармалары оқырманға алғаш рет ұсынылып отыр.

Оқу құралы үш тарауға бөлінген. 1-тарауға ғалым әдебиеттану мәселелері, әдеби байланыстар, шығыс әдебиеті туралы зерттеулерін енгізген. 2- тарау парсы прозасына арналса, 3-тарауда Фирдоуси «Шаһнамасының» тақырыбына жазылған қазақ шығармалары сөз болды.

Бетті әзірлеген Уәли ҚЫПЫРОВ



АЛТЫН АНАМ, ОТАНЫМ, ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ – ҚАЗАҚСТАН



(Басы 1-бетте)

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Біз ешкімнің көшірмесі болуға тырыспаймыз, керісінше біздің елімізге және біздің халқымызға қажетті істерді ғана жүзеге асырамыз» деп тұжырым айтқанындай, университет факультеттерінің сомдаған композицияларында осындай қазақ елінің қайталанбас қасиеттері басым көрініс берді. Қойылымдарда болашаққа бағдар жасаумен қатар үкілеген үміттер де орын алған. Мәселен, заң және филология факультеттері бірге дайындаған «2030 және 50 ел» композициясында Қазақстан республикасы әлем мойындаған мемлекет болуымен қатар, дамыған елдермен терезесі тең екендігінен айқын көрініс берді. Сондай-ақ шетел басшыларының Қазақ еліне деген құрметі, дипломатиялық қарым-қатынасы, достық сенімдері айшықталған. Болашаққа бағдар жасаған аталған факультеттің студенттері Қазақстан Азия барысына айналып, әлем мойындаған алпауыт мемлекет болып қалыптасып келе жатқанын көрермен назарына ұсынды. Бұл факультеттер дамыған 50 елдің төрінен ойып тұрып өз орнын алған Қазақстан мемлекетінің жаймашуақ өмірін әсерлі көрсете білсе, шығыстану мен философия және саясаттану факультетінің білімгерлері «Мәдени мұра» композициясында мәдени құндылықтарымыздың бағасын арттыра білумен ерекшеленді. Халқымыздың салт-дәстүрлері, асыл құндылықтары әсерлі көрсетіліп, қазақ халқының тұсаукесер салтынан бастап келін түсіру дәстүріне дейін жоғары сомдалған қойылымның көрермен көңілінен шыққандығын, олардың зор қошеметінен аңғаруға болады.

Әр композициядан кейінгі орындалған «Фараби сазы» оркестрінің күйі мен «Махаббат» тобының мың бұрала тербелген билері кеш көрермендеріне



мерекелік күй сыйлады.

«Өзінді өзін сыйласаң, жат жанынан түңілер» демей ме?! Ендеше ұлттық рухты жаңғыртар, өткенімізді саралап, жетістігімізді дәріптер мұндай шаралардан ұтарымыз көп-ақ.

Тәуелсіздік қазақ еліне жоғары рух, ұлттық теңдік, еркіндік әкелді. Азаттық алып, жаңа бетбұрыстар мен өзгерістер кезеңі басталды. Осы орайда ел ордасының Астанаға ауыстырылуы да оң шешімдердің бірегейі еді. Бүгінде Астана әсем Алматымен жарыса бой көтеруде, көркіне керік қосуда. Бұл түйінді журналистика факультеті дайындаған «Астана – бәйтерек. Алматы – апорт» композициясынан аңғаруға болады. Композиция барысында астананың көшуіне қимас сезіммен қараған алма бағына Алатау атаның басу айтқан тұстары да сәтті шыққан. Алатау атаның «Еліміздің даму барысындағы Елбасының ұстанған саясаты сауаттылық

бастауы. Жаңару кезеңіндегі өзгерістерді оң қабылдап, ақылмен түйгенін жөн» деген өсиеті көрерменге ой салғаны сөзсіз. Журналистика факультеті білімгерлері өз қойылымдарының соңын Астана-Алматы алаштың көгінде қос қыран деп түйіндегені де орынды ойлар тізбегі. Фестивальдің алғашқы күні бұдан өзге де «Қазақстан-ғарышта» (география факультеті), «Олимпиада алауы» (биология факультеті) деген көрсетілімдер көрермен ықыласына бөленді.

Бірінші күннің финалы «Өз елім» өнімен қорытындыланғанда, көрерменнің өз еліне деген қолпаштауы, ел жастарының, қазақ ұрпағының патриоттығын танытқандай еді.

«Менің Қазақстаным!» дәстүрлі фестивалінің екінші күні өресі биік, пікірі анық, сөзі нық ҚазҰУ жастарының пікір-сайысымен жалғасты. Бұл пікір-сайыста химия факультетінің

2-курс студенті Қайсар Халық пен философия және саясаттану факультетінің 2-курс студенті Айсұлу Молдабекова «Университеттегі өзін-өзі басқару» ұйымының жетістіктері жайында пікір таластырды. ҚазҰУ-дың білім мен мәдениет саласындағы жетістіктері жайында сөз қозғап, студенттерге қолайлы жағдай жасап отырғандығын атап өтті. Бұл өз кезегінде қарашанырақта білім алып жатқан ізденушілердің білімге, оқуға деген ынтасын арттыра түсері де анық. ҚазҰУ-дың Тәрбие жұмысы жөніндегі проректорының орынбасары Ә. Несіпбаев бастаған сарапшылардың пікірінше, бұл сөз жарыста достық жеңіске жетті. ҚазҰУ жетістіктері мен артықшылықтарын екі сайысшы да анық жеткізе білді деп тұжырымдады.

Тәуелсіздік күніне арналған мерекелік шара үш күнге жалғасты. Фестивальдің соңғы күні студенттер театрының «Адаспандар» спектаклімен түйінделді. Ж.Аймауытов «...театр деген нәрсе ермек емес, көңіл көтеру де емес, ол – үлгі, ол – тәрбие, өнер орны» деген. «Адаспандар» спектаклі шынайы өмірлік оқиғаларға құрылған сюжетті қойылым. Жастарды дұрыс жолды таңдауға шақырып, Ар-намыс пен Өзезіл арасындағы тартысты, күресті көрсетті. Қойылым көрерменді имандылыққа шақырды. «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ» екендігін тағы бір дәлелдегендей болды.

Басылымның өткен санда-рында жариялағанымыздай, бұл қойылым осымен екінші кезек көрермен назарына ұсынылып отыр. «Жақсы дүние жалықтырмайды» дегендей көрерменнің бұл жолғы ықыласы да алғашқы ықыластан кем болмады.

«Менің Қазақстаным!» фестивалі тәуелсіз елдің жастарының жүрегіне патриотизм дәнін сеуіп, ел егемендігінің қамқоршысы болуға шақырды. Студенттер Сарайынан қазақ жастары ел тәуелсіздігіне деген мақтанш сезімімен, ойлы да патриоттық рухпен тарасты. ҚазҰУ тәуелсіздік мерекесін осылай қарсы алды.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА





ҰЛЫ СУРЕТКЕРДІҢ ШӘКІРТІНЕ - 80 ЖЫЛ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, академик, қазақты әлемге танытқан ұлы Мұхтар Әуезовтың шәкірті Зейнолла Қабдоловтың 80 жылдығына арналған «Академик Зейнолла Қабдолов және қазақ әдебиеттануының өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция болып өтті. Конференция жұмысын Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың проректоры Намазалы Омашев кіріспе сөз сөйлеп ашып, академик Зейнолла Қабдоловтың ұлттық әдебиеттану ғылымына қосқан орасан зор еңбектері туралы айтып берді.

кісінің ұстазы «Мұхтар Әуезов атындағы дәрісхананың» жанында «Зейнолла Қабдолов атындағы дәрісхана» ашылып, оның лентасын университет ректоры Төлеген Әбдісағиұлы Қожамқұлов бастаған көрнекті ғалымдар қиды. Академик-ғалым туралы естелік кітаптың тұсаукесері болды. Міне, енді «Академик Зейнолла Қабдолов және қазақ әдебиеттануының өзекті мә-

Қабдолов туралы тереннен сыр шертті. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың филология факультетінің деканы, филология ғылымдарының докторы, профессор К.Әбдесұлы академик Зейнолла Қабдоловтың өмірі мен ғылым саласындағы еңбектеріне арналған баяндама жасады.

Халықаралық конференция барысында «З.Қабдолов және қазақ әдебиетінің мәселелері», «З.Қабдолов және әдебиет теориясының мәселелері» секциялары бойынша көптеген ғалымдардың баяндамалары тыңдалды. Академик Зейнолла Қабдолов Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да табан аудармастан жарты ғасырдан аса 1950-2000 жылдар аралығында ассистент, аға оқытушы, доцент, профессор, кафедра меңгерушісі болып еңбек етті. Республикадағы сан мыңдаған филологтар мен журналистер, тарихшылар мен философтар, ғылым кандидаттары мен докторларын, ақын-жазушыларды тәрбиелеп шығарды.

Зейнолла Қабдолов әдеби басылымдарда бас редактор болып жүріп, ғылыми-педагогикалық қызметінен де қол үзбеді. Ол туған әдебиетіміздің тарихы мен теориясының аса күрделі мәселелерін зерттей келе, филология ғылымдарының кандидаты (1961ж.) және докторы (1970ж.) ғылыми дәрежелеріне ие болады. Шығармашылық еңбегін алғаш кезде өлең жазудан бастаған З.Қабдолов «Өмір ұшқыны» (1956ж.) атты повесі арқылы оқырман қауымға кенінене танылды. Ол кейіннен «Жалын» романына ұласты. Қаламгердің өз замандастары туралы сәтті жазылған бұл туындысы Бүкілодақтық жұлде алды. «Менің Әуезовім» романы үшін оған ҚР Мемлекеттік сыйлығы берілді. Сонымен қатар, «Жанр сыры», «Жебе», «Мұхтар Әуезов және оның әсемдік әлемі», «Сөз өнері», «Арна», «Көзқарас», «Әдебиет теориясының негіздері» атты ғылыми еңбектері мен монографиялары өз алдына бір төбе.



Қазақ ғылымына өлшеусіз үлес қосқан ғалым, академик Зейнолла Қабдоловтың әдебиет зерттеу ғалымы саласындағы сан қырлы еңбегін айтып тауысу мүмкін емес. Бұл жөнінде ой толғаған Н.Омашев: «Ғалымның өшпес мұрасы туралы сөз қозғаған, еңбек жазған ғалымдар өздеріне меншіктеп, тартып сөйлейді. Академик З.Қабдолов әрбір ғалымға, қарапайым оқырманға өте етене жақын болған-

дықтан «Қазақтың Қабдоловы» деп айтуымызға толық негіз бар. Біздің ҚазҰУ академик Зейнолла Қабдоловтың туғанына 80 жыл толу қарсаңында ғылыми мұраларын елге насихаттауда, рухын көтеруде көптеген игілікті шараларды жүзеге асырып келеді. Ол кісінің шәкірттері ұстаз туралы көптеген монографиялар еңбектер жазды, өмірі мен шығармашылығын зерттеп келеді. Бүгін ғана университетімізде ол

селелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өз жұмысын бастағалы отыр», - деп конференцияға қатысушылардың жұмысына табыс тіледі.

Конференцияда академиктің өмірі мен шығармашылық қызметіне арналған деректі фильм көрсетіліп, филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсынбек Көкішев замандасы, ғылымдағы әріптесі, жолдасы академик Зейнолла

P.S.

З.Қабдоловтың 80 жылдық мерейтойы желтоқсанның 12-жұлдызында М.Әуезов атындағы мемлекеттік академиялық драма театрында жалғасып, Алматы қаласының әкімдігі мен Қазақстан жазушылар одағы басқармасының ұйымдастыруымен салтанатты жиынға ұласты. Сондай-ақ, барлық ғұмыры ҚазҰУ-мен байланысты академиктің өмірінің соңында тұрған Желтоқсан көшесіндегі №132 үйдің қабырғасына ескерткіш-тақта орнатылды. Онда сөз сөйлеген Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры Т. Қожамқұлов академик З.Қабдолов жарты ғасырдан астам уақыт еңбек еткен жоғары білім ұясы ұжымының мерейтойға байланысты атқарып жатқан шараларын тілге тиек етіп, құттықтау сөз сөйледі.

Уәли ҚЫДЫРОВ

Дайджест

«Жақсы сөз - жарым ырыс»

Өтіп бара жатқан жылдың соңғы айында білім мен ғылымның қарашаңырағы - Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қоғамдық-саяси, ғылыми, мәдени, рухани шараларға толы болды.

Осымен дәстүрлі түрде алтыншы рет өткізілген «Менің Қазақстаным!» фестивалі бүкіл студенттердің басын біріктіре алатын, елінің ертеңі үшін аянбайтын ҚазҰУ жастарының жалыны мен өршіл рухтарын тағы да бір паш етті. Ол туралы **Қазақ ақпарат агенттігі** (12.12.2007) мен **Қазақ радиосынан** (12.12.2007) ақпарат оқылып, **«Қазақ әдебиеті» газетінде** (14.12.2007) «Тәуелсіздік жыры айтылды» атты мақала жарияланды. Онда былай делінген: «Биылғы жылы фестивальдің ерекшелігі – жастар Қазақстанның нұрлы да жарқын болашағына саяхат жасаған. Өткен тарихтан сабақ ала отырып, кемелденген бола-

шаққа, бәсекеге қабілетті озық елдердің қатарына ұмтылу, соны көксеу идеясы басым түсіп жатады. Әсем ән мен күй, мың бұралған би, жастар көкейін жарып шыққан Отанды сүю мен қадірлеуге бастайтын жалынды сөздер көрермендерін бір сөтке де бей-жай қалдырмады».

Жалпы, ҚазҰУ жастарын рухани жағынан кемелдендіруде университет басшылығының өзгеше бір жол тапқанын бұқаралық ақпарат құралдары атап өтуде. Мәселен, жылдың басында тұсауын кескен «БІЗ» театрының кезекті «(Т)ОЙ» атты қойылымы туралы **«Егемен Қазақстан»** (27.11.2007), **«Қазақстанская правда»** (11.12.2007), **«Жас қазақ»** (30.11.2007),

«Дала мен қала» (30.11.2007) газеттері жылы пікірлерін білдіріп, ерекше атап өтті.

Қазақстанның Халық жазушысы, академик Зейнолла Қабдоловтың 80 жылдығына арналған «Академик З.Қабдолов және қазақ әдебиеттануының өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция туралы да республикалық деңгейдегі бұқаралық ақпарат құралдары түгелге дерлік жариялады. Ол туралы **Қазақ ақпарат агенттігінің** (11.12.2007) сайтында, **Қазақ радиосының** жаңалықтарынан оқылып, **«Қазақстан», «КТК» телеарналарынан** көрсетілді. **«Хабар» арнасының тележурналынан** жан-жақты кеңейтіліп берілді. Сонымен қатар еліміздің аға басылымы **«Егемен Қазақстан» газетінен бастап «Айқын», «Жас қазақ», «Қазақ әдебиеті», «Президент және халық», «Қазақстан-ZAMAN», «Алматы ақшамы», «Ақиқат», т.б.** газет-журналдар осы тақырыпқа қайта-қайта айналып

соғып отырды. Алматы қаласы Әкімшілігінің шешімімен бұрынғы Маречек көшесі ғалымның атымен аталғандығы, оның ресми ашылуына ҚазҰУ ректоры Т.Ә.Қожамқұлов бастаған зиялы қауым өкілдерінің қатысып, сөз сөйлегендігі туралы **«Айқын» апталығы** (13.12.2007) мен **«Алматы ақшамы» газеттері** (13.12.2007) репортаж жариялады.

«CASPIONET» телеарнасы (05.12.2007) Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дағы PhD дәрежесі бойынша мамандар дайындаудың жай-күйі, шетелден шақырылған ғалым-профессорлар туралы сюжетті эфирге шығарды. Бұл мақсатқа еліміздің жетекші оқу орны ретінде біздің университеттің таңдап алынуы, үлгі ретінде көрсетілуі қай салада болсын алда екендігімізді көрсетеді.

Экономика және бизнес факультетінің ұйымдастыруымен өткен «Қазақстан және Орта Азия экономикасын жаңа жақты үдемелі модернизациялау: қазіргі заман және болашағы» атты халықаралық конференция туралы ақпарат **Қазақ ақпарат агенттігі** мен **Қазақ радиосынан** оқылды.

«Қазақ әдебиеті» газетінде (14.12.2007) журналистика факультетінің деканы, белгілі ақын Бауыржан Жақыптың көңіл сандығынан ақтарылып шыққан өлеңдер топтамасы жарияланды.

Осылайша ескі жылды көңілді нотада шығарып салып, келер жылдан бұдан да зор табыстар мен жетістіктер күтеміз.

Ғалия АҚСЕНІТ
ҚазҰУ-дың
Баспасөз қызметі





15 декабря 2007 года в двух городах Казахстана, а именно в Алматы и Таразе прошёл экзамен на знание истории Кореи, проведённого Национального

Института Истории Кореи совместно с Центром корееведения КазНУ им. аль-Фараби и Ассоциацией корейцев Казахстана. В нём приняли участие около 1000 студентов и учеников старших классов. Обычно этот экзамен проводится в Корее среди учеников старших классов, и впервые прошёл за рубежом, в частности в Казахстане. Институт истории Кореи планировал проведение такого экзамена за рубежом, но то, что он впервые был проведён не в Китае, где проживает свыше и в США, в которых число корейцев превышает 2 миллиона человек, а именно в Казахстане, свидетельствует о глубоком и всестороннем интересе Кореи к нашей стране.

Ответ: «Да. За две недели я успела прочитать её два раза»

Вопрос: «Как вы думаете, вопросы были сложными?»

Ответ: «Нет, думаю, нет. Но было трудно вспомнить фамилии.»

За день до экзамена из Кореи приехала делегация Национального Института Истории Кореи состоявшая из 14 человек, для контроля проведения экзамена, в том числе руководители отделов института, представитель Министерства

ЧТО МЫ ЗНАЕМ О КОРЕЕ?



Начало проведению такого знаменательного экзамена положило перевод книги «История Кореи», который был осуществлён Абдипатаевой Нурбалой и Мадгаждаровой Айнуур - преподавателями кафедры корееведения факультета востоковедения Казахского Национального Университета имени аль-Фараби, под редакцией заведующего кафедрой, доктора исторических наук, профессора Ким Германа Николаевича, который вложил определяющий вклад в организацию и проведению данного экзамена. Книга с яркими иллюстрациями и доступным для понимания языком вышла в свет уже в начале ноября этого года и раздавалась бесплатно всем, кто подал заявку на участие в экзамене.

Объявление об экзамене несколько раз вышло в газете «Корё ильбо», помимо этого были отдельно извещены многие университеты города. Прием заявок, подготовку и проведение экзамена среди старшеклассников города Алматы взял на себя Международная школа лицей «Достар» в лице Цой Ольги Борисовны. В городе Таразе координатором выступила Полина Александровна Ким.

С ноября 2007 года начался приём заявлений на участие в экзамене от студентов. В КазНУ им. аль-Фараби было принято 406 заявлений от студентов разных вузов, сре-

ди которых большинство было из самого КазНУ, и КазЭУ им. Т. Рыскулова. Главным мотивом участия в данном экзамене была бесплатная поездка на одну неделю в Корею двадцати участникам, которые наберут наибольшее количество баллов. Нужно заметить, что среди подавших заявление на участие в экзамене большинство были лица некорейской национальности, что свидетельствует о повышенном интересе к истории Кореи не только корейцев, но и других народов Казахстана. А то, что экзамен был проведён на русском языке, и не придавалось значения, знает ли экзаменуемый корейский язык или нет, привлекло ещё больше внимания к экзамену.

Вот интервью с одним из участников экзамена:

Вопрос: «Вы знаете или изучаете корейский язык?»

Ответ: «Нет. Не знаю и не изучаю, но у меня появился интерес.»

Вопрос: «А как вы узнали о проведении экзамена?»

Ответ: «У знакомых, которые изучают корейский язык.»

Вопрос: «Почему вы решили принять участие на этом экзамене?»

Ответ: «Узнала, что и у меня есть возможность посетить Корею, даже если я не знаю корейского языка.»

Вопрос: «Вы подготовились к экзамену? Успели прочитать книгу «История Кореи»?»

образования Республики Корея, журналисты крупнейших ежедневных газет «Донъя ильбо» и «Чунгъан ильбо».

15 декабря на места проведения экзамена, в частности КазНУ им. аль-Фараби, прибыла Цой Элла Андреевна из телеканала «Казахстан», которая провела интервью с организаторами проводимого мероприятия и студентами. Все участники экзамена получили по флеш-карте, объёмом 1Gb, чем остались очень довольны.

Корейская делегация, в свою очередь была тронута и удивлена отлаженной организацией и проведением экзамена в целом. Всего были задействованы в качестве инспекторов 50 преподавателей вузов и школ Алматы и Тараза. Поскольку билеты были составлены в Корею, доставлены корейской стороной непосредственно к экзамену, а ответы печатаны и увезены в Сеул, причин для сомнений в объективности подведения итогов и определения победителей нет. Итоги экзамена будут размещены на сайте Института истории Кореи.

На прощание было высказано пожелание провести 2009 году этот экзамен на казахском языке.

Нурбала АБДИПАТАЕВА,
Преподаватель кафедры
корееведения
КазНУ им. аль-Фараби.

Байқау

ҚазҰУ жұлдыздары қасында жүр

Тәуелсіз елдің тірегі – жастар. Болашағы – білімді ұрпақ. Қазақстан – көкірегі ояу, өресі кең, талабы терең жастардың Отаны. Білім мен өнергі егіз деп қабылдайтын жеткіншектердің атамекені.

Осы орайға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті студенттерінің, Глиясша айтсақ, “мұраттары – білім, талабы – тәлім, қару-жарағы – өнер мен оқу” десек қателеспейміз. Қасиетті қара шаңырақтың ізгенушілері білімнен бәйге алып, өнерге өрге жүзер студенттер.

Университеттегі “Өзін-өзі басқару” ұйымы студенттік өмірдің қызықты да, мәнді өтуіне атсалысады. Студенттер сенаты, Студенттер Жоғары кеңесі, Пікір-сайыс орталығы, “Сұңқар” кәсіподағынан құралған бұл ұйым студенттер арасында әр түрлі сайыстар мен байқаулар өткізіп, университеттегі нағыз патриоттарды шыңдай түсуде.

Осындай байқаулардың бірі – 28-29 қараша аралығында Рухани орталықта өткен “Біздің жұлдыздар” дәстүрлі байқауы. ҚазҰУ-дың тәрбие жұмысы жөніндегі бөлімнің қолдауымен, Студенттері Жоғары кеңесінің ұйымдастыруымен өткізіліп отырған бұл шараның мақсаты өнерді насихаттау, өнерлі студенттерді анықтау.

Мұнда қатысушылар эстрадалық өн, халық жанры, би, мөнерлеп оқу өнері бойынша сайысқа түседі. Байқау барысында тәуелсіз елдің ұрпақтары, ҚазҰУ-дың жастары өздерінің азаматтық позицияларын танытып, таланттарын шыңдайды. Байқау нәтижесінде өзара бақ сынасқан өнерпаздар арасында ҚазҰУ жұлдыздары анықталмақ. Осымен екінші жыл ұйымдастырылып отырған жатақханааралық шығармашылық байқаудың бұл жылы кезегі – Қазақстан тәуелсіздігінің 16 жылдығына және “Қазақстан-2030” даму стратегиясының 10 жылдығына арналып отыр.

Байқауда 13 факультеттің жатақхана студенттері кеңесінің шығармашылық топтары өнер сайысына түсті.

Байқау биология факультеті Студенттер кеңесінен құралған шығармашылық топтың өнерімен ашылды. “Өнер – адам бойындағы құдіреттіліктің ең асқағы” деп тегін айтылмағандығына бұл байқау тағы бір дәлел келтіргендей.

Ұлы қаруы сөз болып, ақиқатты ту етіп, тіл құдіреттілігін қастер тұтатын журналистика факультеті Студенттер кеңесінен құралған шығармашылық топ төртінші билік өкілдерінің өнерден де құр қол еместігін айғақтай түскендей. Аталған факультеттің 1-курс

студенті Бауыржан Әлқожаев “Тәуелсіз Қазақстаным!” атты авторлық туындысын мөнерімен нақышына келтіре оқыса, Айжан Қасымберкебаева “Қазақ елі” өнін орындап ел мерейін үстем етті. Аталған факультеттің биші қыздары Бозанбаева Айгерім мен Уалиева Сая, күйші жігіті Тұралиев Азамат журналистика факультетінің беделін асқақтата түсті. Студенттер өнерін ұйып тындаған жұртшылық өнерпаздарға ыстық ықыластары мен қалың қолпаштауын аямады.

Сондай-ақ бұл байқауда саясаткерлер де өнерлерін ортаға салды. Осы факультеттің студенті Мұқан Нұрзат “Алтайым” өнімен көпшілік жүрегінен жол тапса, Құрманов Нұрсұлтан мөнерлеп оқу өнері бойынша көзге түсті. Бірінен-бірі асып түсер шығармашылық топ өнерпаздары көрерменге тек көтеріңкі көңіл күй сыйлап, өнерлеріне таңдай қақтырды. Байқауға ерекше дайындықпен келген халықаралық қатынастар, тарих, шығыстану факультеті мен экономика және бизнес, механика математика факультеттері де атап өтуге болады. Филология факультетінің шығармашылық ұжымы дайындап келген қойылым, еліміздің өзге елдерден артықшылығын, жеткен жетістігін көрермен көз алдына тізіп берді.

“Оңайға түскен олжа бағаланбайды” демей ме қазақ даналығы. Шынымен де бұл байқауда “Біздің жұлдыздары” анықтау оңайға түспеді. Десекте, жарыс бар жерде жеңіс бар. “Шындық – адам ар-ұятының жеңісі” екендігін берік ұстайтын қазылар қатысушылардың өн айту мөнеріне, әртістік шеберлігіне, сахналық мәдениетіне көп көңіл бөліп, байқаудың екінші күнінде жеңімпаздарды жариялады.

Алдағы уақытта жеңімпаздар Университет ректоры Қожамқұлов Т.Ә. атынан алғыс хат алып, “Сұңқар” студенттер кәсіподақ ұйымының қаржылай сыйлығын иемденбек.

“Өнерліге өріс кең” деген. Ендеше біз де өнерпаз жастарға өрге жүзіңдер демекпіз.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

Выпускники – гордость университета!

Не успел пройти наш традиционный VI Студенческий фестиваль «Менің Қазақстаным!» как уже поступают первые отклики гостей. Своими впечатлениями делится выпускница нашего университета - Чингужанова Шынар Маликовна: «В первую очередь хочу выразить благодарность руководству университета, организаторам студенческого фестиваля и Ассоциации выпускников «Шамшырақ» за предоставленную возможность посетить данное мероприятие.

Хотелось бы обязательно отметить очень высокий уровень организации фестиваля. Радует, что у нынешней молодежи есть мощная интеллектуальная поддержка, есть стимулы для дальнейшего роста, как в профессиональном, так и в патриотическом плане. Приятно удивило то, что на базе нашего университета появился студенческий

театр. Желаю нашим студентам-артистам успехов в учебе и развитии их талантов. Организаторам фестиваля желаю быть всегда на той же высоте и проводить фестивали еще много-много лет.

Очень приятно, что наш любимый КазНУ не забывает о своих выпускниках. С уважением, Шынар Чингужанова».

Шынар родилась 26 августа 1977 года в с. Алмалы Саркандского района Талдыкурганской области. В 1994 году окончив среднюю школу с аттестатом особого образца, поступает на вечернее отделение химического факультета. В 1998 году окончив дневное отделение бакалавриата, в том же году зачисляется в магистратуру. В 2000 году получив диплом магистра с отличием, поступает в аспирантуру. В данное время работает над кандидатской диссертацией.

Свою трудовую деятельность она начала в 2000 году учителем химии и биологии в специализированной школе №124. В мае 2004 года была принята в производственную лабораторию компании “Raimbek Bottlers” на должность техника-лаборанта. Через 6 месяцев была назначена заведующей данной производственной лабораторией. В 2005 году решением руководства была переведена на должность заместителя операционного директора по разработке и развитию новых продуктов. Сейчас она является директором департамента стандартов и качества пищевого холдинга «Raimbek».

Наши выпускники – гордость нашего университета!

А.Е. КУАНЫШЕВА,
Координатор ассоциации
выпускников «Шамшырақ»



■ Алау

Тұғырлы ТӘУЕЛСІЗДІК таңы

Осыдан тура жиырма бір жыл бұрынғы сексен алтының мұзға құрсауланған желтоқсанында алаңға атойлай шыққан қазақ жастарының жанкешті әрекеттерін көзбен көрмесем де, жүрегіммен ұғып, санаммен саралайтын ұрпақтың бірімін. Алаңға ұрандатып шыққан қаракөздердің қара жерге тапталып, ақ қармен арпалыса көмек сұрап, жанұшыра шыққан дауыстар мен ащы өксікке толы зарларын телеарнадан көре отырып, еріксіз жанарыма жас тұнатынын жасыра алмаймын. Абзал ағаларды таяқпен аяусыз ұрып-соғып, тепкінің көкесін көрсетіп, қыздарды бұрымынан сүйреп, төмпештей төпелеп, сансыраған шыбын жанын қиып, темір торға тоғытқан тұзақсыз көкжалдардың қылығын көре тұра, қалай тебіренбессің?!



□ Кафедра

ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІң ТӨЛ БЕЛГІЛЕРІН ҚАЛАЙ ДӘРІСТЕП ЖҮРМІЗ?

Тәуелсіздік көптің тәуекелімен жеңіске жетіп, көптің ыждаһатымен орнығатыны тарих талай дәлелдеген ақиқат. Қиялды қысыратып, сананы сарсылтқан сан ғасырларда біздің ата-бабаларымыз дүниенің әр пұшағына барып, одырайтып орда тігіп, желпілдетіп ту көтеріп, өздерінің жауынгер рухын талайларға өлденеше рет мойындапта алды. Шығысқа қарап тілеу тіледі, батысқа қарап дұға оқыды, досын үш күндік жерден, дұшпанын қырық күндік жерден бұрын барып күтіп алды. Бірақ өз тағдырымыздың берекелі бетбұрысын аңсаумен өтті... Тарих жазында тек тәуелсіздік жолындағы күрес қана қалыпты. Біз күллі азамат тегіс танып, тегіс мойындаған тәуелсіз қазақ мемлекетінің іргетасын мықтап қалап жатқан бірінші ұрпақпыз. Тәуелсіздігімізді сырттан алақөздігінен, іштің алауыздығынан аман сақтап қалу – біздің тарих алдындағы ең басты парызымыз.

Тәуелсіздік – бұл даланың өз еншісі. Сол дала үшін бабаларымыз ат үстінде ас ішіп, жанын шүберекке түйіп, табаншылықпен күресті. Пейілі кең, қойнауы құт қазақтың ел болып ұйысқаннан бері өз орда-сы, танысы, байрағы, ел жамбысы болды. Қазақ “Туың жығылмасын!” дейді. Қара жорғаның құрығына ілініп бара жатса да, туың төмен түсірмеген елдің ұрпағымыз біздер.

Дербес отау тіккен әрбір мемлекеттің кәдір тұтар қасиетті құндылықтары, өлшеу болмыс-бедері болады. Оң алты жыл ішінде тәуелсіз елге төн біздің ұлттық сипатымыз, ұлттық рәміздеріміз, бейнелі белгілеріміз дүниеге келді. Ата занымыз өзінің өміршеңдігін, орнықтылығын, нарықтық және демократиялық мәнісін барынша ашып көрсетті. Осы Конституциямызда әркім республиканың рәміздерін құрметтеуге міндетті делінген. Еңдеше еліміздің айбынын асқақтататын, жігерін қайрап, парасатын шыңдайтын көк байрағымызды, Елтаңбамыз бен Әнұранымызды өз деңгейінде ұлықтап, өспеттеп жүрміз бе?! Олай дейтін себебіміз бізде мемлекеттік рәміздерді қолдану үрдісі ала-құла. Кейбір мемлекеттік құрылымдардың маңдайшысында мемлекеттік ту желбіреп ілулі тұр, қайсыбіреуінде жоқ. Сол сияқты жоғары оқу орындарында да осындай өркелкі жағдай кездеседі. Мемлекеттік Ту – егеменді еліміздің ұлттық жалауы. Осы тудың астында тәуелсіз демократиялық ұлттық мемлекет құрдық. Осы тудың астында экономикамызды дамытып, қазақ халқының дербес тәуелсіз ұлт ретінде өсіп-өркейлеуі үшін оның ғылымы мен мәдениетін ұлттың салт-дәстүрін көркейтеміз. Мәселен, әрбір қазақстандық азамат әнұран орындағанда тебірене, толқып тұрып қосыла пырқай ала ма?! Мемлекеттік әнұран отаншылдық сезімге бөлейтін, биік патриотизмге тәрбиелейтін дүние. Мұнда өз еліне деген перзенттік махаббат жатыр. Жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеуге міндеттенген мекемелердің басшылары алдымен өздері әнұранды жатқа біле ме екен? Әнұранымыз ғымараттың қабырғасында сөндік үшін ілініп тұрған жоқ қой. Қалай болғаны дұрыс. Кейбір оқу орындары сабақты әнұранмен бастайды. Бірақ олар санаулы-ақ. Жалпы, мемлекеттік нышандарға құрмет сезімін қалыптастыруда қандай шараларды қолға алғанымыз жөн. Ойлануымыз керек-ақ. Себебі ұлт үшін үлкенді-кішілі мәселені болмайтыны анық.

Нұркен ТОҚАЕВ,
филология факультетінің
2-курс студенті.

Талайлардың тағдырына таңба салған, «Бір женнен қол, бір жағадан бас» шығарған өткен күндер елесі мәңгі жадымызда жатталып қалды. 1986 жылдың ызғарлы қысында шейіт болған қазақтың қаракөз қыздары мен қайсар ұлдарының ұлы мақсаттары мен армандары тамұққа тұнған мұн белгісі. Аласапыран күй кешіп, өз жастарымызды өгейсітіп, өзекке тепкен халық біз болдық. Қызыл алаңда қаптаған қайсар ұландардың жүзінде қорқыныш та, алданыш та, жұбаныш та болды. Бір күнде жастықтың жалын оты мұзда жанған алауға айналды. Өң емес түске кірмеген желтоқсан жаңғырығының дабылы қағылды. Қасарысқан қалың жаудың ырқы, бір сәтте талайды талапайға түсіріп, қапылыста қанға боялған қалың нөпір, бар қазақ бір қазаққа айналды.

Тәуелсіздік таңы... XXI ға-

сыр көшінен егемендіктің еркіндігіне мойынсұнған, азаттықты аңсап, айбынды елдің асқар шыңына қадам басқан қазақ жастарының легін көреміз. Дініміздің дінгеіне тіреу болып, тілімізді тасадан суырып, өз аузымызға қолымызды жеткізген тағдырға тәубешілік жасаймыз. Еркін елде егемендік алып, таразы басын тең ұстап, татулықтың тұғырына өрлеу үстіндеміз. Ғылымға қарыштап, білімді бағындырып, таланттыға тура жол нұсқаған тәуелсіз елдің ұландары мен қырандары тәуелсіздіктің тума таланттары. Еліміз еңсесін тіктеген тұста, перде артында жасырынған баланың күйін кешкен ұлттық құндылықтарымызбен қайта қауышып, ана тіліміздің айбынын таныдық. Сұрапыл заманның сызын кешкен ел ағалары, қиыншылықтың қыспағынан, таршылықтың тасасынан талаурамай, ұрпағына аманатын

арқалатып, бүгінгі күннің бейбітшілігіне жеттік. «Бір атаның баласындай, бес саусақтың саласындай» бірігіп, әлеммен терезесін тең ұстаған, «Тәуелсіз Қазақстан» деген ұранды ұлықтап жүрміз. Атадан балаға мирас болған рухани құндылықтарымыздың белгісі, шаңырағымыз шайқалмай шарықтауымыз, Елтаңбамыз еншіленбей елдігімізді танытуы, қыранымыз көк аспанда қалықтап, көкбайрағымыздың күн шуағымен желбіреуі, көңілге қуаныш нұрын ұялатады. Жұмылған жұдырықтай бірігіп, дәстүрін дәріптеген қазақ елінің ұясынан қаншама таланттар қияға талмай қанат қағып, тұғырлы орнына тұрақтады. Еліміздің еңселі тұлғасы, тіл жанашыры Мұхтар Шахановтай тарландарымыздың отты сөздері, омарталы ойдың ұшығы іспеттес.

Сорласа жұрт рухсыздан сорлайды,

Қырандардан биік қойсаң торғайды
Отанды кім торғайлардан қорғайды,
Рухсыздың, қайырсыздың бауы
Бәлкім ертең ұлтымызға зор қайғы

– деп ұлтымызды ұлықтай алмай өзеурегендерді туралықсыз жолда тұралату, қара жерден қарабайыр қазақ елінің еркіндігін аңсаған, адасқанның алабын танытқан жалынды жыр-дан, тырналған жараның аузы әлі де бітелмегенін аңғаруға болады. Текті жұртты телегей теңізде сең соқса, ертеңгі күні не болмақ. Сондықтан тәуелсіздіктің арайлы ақ таңының шуағын шартарапқа шарықтата білейік.

Жанат ҚАСЫМБЕКОВА,
журналистика
факультетінің 2 курс
студенті.

■ Алаштан қалған асыл сөз

ЕЛ ЕРКІ ӨЗІНДЕ

Бостаншылық болды, ел еркі өзіне тиді. Бұрынғыдай зорлап-зомбылап істеу енді жоқ. Әлі де болса біреудің жетелеуіне қараса, онда бостаншылықтың игілігін дұрыс көре алмайды. Өз тіршілігін өзі істеп, өз шаруасын өзі жөндеп, өз күнін әркім өзі көрген сияқты бостаншылық болған соң әр жұрт өзіне керек істің бәрін өзі істеуі керек.

Ұлт ісі деген ұлы жұмыс. Ұлт ісін ұлт болып өзі істемесе, өзі жөндемесе істелмейді де, жөндемейді де, әр жұрт өзі ісін өзі істеп, өзі жөндеп апара алса, жұрт болмақ. Жұрт ісінен кімге

де болса жұмыс табылады. Жұрт жұмысының жөні, мақсаты бір, істеу жолы түрліше. Соның әр түрін әркім қолға алып жұртқа керек жөнімен мақсатқа қарай жүргізу керек.

Ұлт ісіндей жұмыс түгіл үлкен үй салу, үлкен машина жасау жұмысына да көп адам күш қосып, бір жөн, бір бағдар, бір планмен істемесе көңілдегідей болып шықпайды. Көптің күші құралса, қолынан келмейтін іс аз. Қалай бірігемін десе де, енді ел еркі өзінде. Біздің қазақ та басқа жұрттардың қатарынан қалмаймын десе, басқаларша ісін өзі істеуі керек.

Қазақтың алды бас қосып, ақылдасты. Басқалары бас қосып кеңесейін деп жатыр.

Бостаншылықтың пұлын біліп, орнына ұстап, игілігін көре алған жұрт ер жетіп, ес біліп, ақыл тоқтатқан адам болып шықпақшы. Бостаншылықтың пұлын білмей, орнына ұстай алмаған жұрт, ер жетіп, есі енбеген бала болып шықпақшы, “Жібекті ұстай алмаған жүн етеді” дегендей, ұстай білмесе жақсы нерсе жаманға айналуы оңоңай.

Бостаншылықтың жолы кеңшілік, теңшілік, ағайындық. Кеңшілік берілгенде теңшілік те беріліп отыр. Кеңшілік болды деп теңшілікті ұмытпасқа керек. Теңшілік азды көпке, нашарды күштімен теңгеру үшін беріліп отыр. Бостаншылықтың бір жолы ағайындық болған соң қазақ

демей, ноғай демей, орыс демей, шүршіт демей бәрі ағайын боларға керек. Бәрі ұштасып-жалғасып, қоғамдасып ынтымақпен елге тек пайдалы болғандай, қайсысының да болса пайдасы табығандай іс қылу керек. Бостаншылықтың негізі әділдік. Әділдіктің негізі өзің жәбірленер істі өзге де істемеу. Бостаншылық бойынша іс істерде осыны ойлау керек. Әуелі, өтірікпен адастырамын деп өтірік жала жабуды жұрт қоюу керек. Өтірікпен мақсатқа жетемін деуді тастау керек. Болыстар бұрынғы қараңғылықты жамылып істейтін ұрлығын жарықта істеймін деп зұре болмасқа керек. Ұрлықты қараңғыда қанша жасырғанмен жарықта жасыра алмайды. Басқалармен қатар жұрт боламын десе, қазақ зорлық-зомбылықты, ұрлық-қарлықты, өтірік жала жабуды қойып, дұрыстық жолымен іс қылу керек.

Қазақ, 1917, №226,
22 апрель.



Мүшәйра

Жуырда студент жастар арасында өткен «Ұлттық ойын – құндылығым, ұлттық спорт – ұлылығым» деп аталатын республикалық жазба ақындар мүшәйрасының жеңімпаздары болып, ҚазҰУ студенттері танылды.

Бұл жыр додасын Мәдениет және ақпарат министрлігінің әлеуметтік маңызы бар жобалар тапсырысы бойынша «Ұлттық журналистік зерттеу орталығы» қоғамдық қоры ұйымдастырған болатын. Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ақын Ұлықбек Есдәулетов бастап, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторының орынбасары, ақын Бекжан Әшірбаев, бүкіл Түркі әлемі дүниесі ақындары мүшәйрасының жеңімпазы, ақын Болат Шарахымбай қостаған қазылар алқасының төрелігімен Ғалымдар үйінде өткен бұл сайыста алды-ала іріктелініп алынған 12 ақын өз өлеңдерін оқыды. Бірінші орынды ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің 4-курс студенті Қуаныш Нұрданбек, екінші орынды аталған факультеттің студенті Мұрат Есжан иеленді. Ал жүлделі үшінші орынды 3-курс студенттері Нұрболат Әлдибеков пен Риват Қайыртаулы бөлісті. Қазылар алқасы сондай-ақ, Арман Әубәкір пен Айдоос Имантаевты ынталандыру сыйлығына лайық деп тапты.

Төменде сол мүшәйра жеңімпаздарының шығармаларын ұсынып отырмыз.



І орын

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ

КӨКПАРДЫҢ ҚИҚУЫ

Сәби ем онда көк балақ,
Ойнаудан шаршар кешкісін.
Жұтыңған бірде топ-топ ат,
Көкпардың тартты ешкісін.

Бермейді бөрі намысты,
Тақымда серке тартылды.
Ауылдың көкке шаңы ұшты,
Адам да, ат та қарқынды.

Қасына ердің өңгерді,
Жігіт ағасы сом білек.
Тауға тартуды жөн көрді,
Құла аттың көзі мөлдіреп.

Соңынан кетті қиқулап,
Көбесі көктің түрілген.
Тұрамыз дөңде күй тыңдап,
Тұяқтан шыққан дүбірден.
Ат қылып бір-бір шыбықты,
Көкпар деп тері сүйреттік.
«Көрмеген» бұрын құрықты
Асау деп ағаш «үйреттік».

Жүргендей болам жоқ қарап,
Тоқтады көкпар бүгінде.
...Өмірдің асауын нокталап,
Қосылғым келеді дүбірге.



II орын

Мұрат ЕСЖАН

Қожырланған асығындай
О, тағдырым, талапайға түстің бе?
Дөп тиюін күтіп сақа-соққының
Тұрдың ба әлде ор шенбердің
үстінде?

Тізілді асық,
(Көңілімде қапа бар)
Қызыл қаны тарқамаған,
күші нық,
іші қуыс, қорғасынды сақалар
Ұшып келіп, жіберердей ұшырып.

Ақсүйек боп лақтырылдым
қалыңға –
Мен емеспін қыз-жігіттің қызығы.
Таңға жақын қу моланың
жанында
Иесі жоқ көрі қандан жүжіді.

Күміс едім, құным кетіп
тоттандым,
Алтын едім, жамбы қылып
атты өркім.
Лақ қылып қорласа да
көкпар-күн,
Қайта ояндым дүбірінен аттардың.

Тірлік – күрес, жер иіскесен,
обал не?
Тірлік – жарыс, шабан –
аты қайғының
Мен бөйгеге қосылдым ба,
жоқ әлде
Жүлдесіне тігілдім бе бөйгінің?

Құзға құрған алтыбақан үстінде
Әпербақан өткелім түр байланып,

Кездесу ғой жастардың көздегені,
Жастық жалын шырғауға
төзбегені.
Ойын-күлкі, жаз жайлау,
саумал қымыз,
Махаббаттан ойлайды өзге нені.

Шын сүйгендер атырса
ақ тандарын
Өздейді екен өзгелер
мақпалдарын.
Ақ сүйекті іздеумен талай қазақ,
Ақ тамақты аруын, тапқан бағын.

Аңсап жүрмін солардың
ақсүйегін,
Қалатындай кездесіп
нақ сүйерім...



Қос арланға азу тісін
ақситқан
Қарсы тұрды жас жігіт.

«ҰЛТТЫҚ ОЙЫН – ҚҰНДЫЛЫҒЫМ, ҰЛТТЫҚ СПОРТ – ҰЛЫЛЫҒЫМ»

Әлдекімнің уысына түстім бе
Бес күндіктің бестасына айналып?
Қуыршақ боп қай заманға
дөп келдім?
Былғар бок та, атар оқ та,
от та өзір...
Тағдырымды ойын қылды
өткен күн
Ал ойыным...
Жоқ қазір.



III орын

Риват ҚАЙЫРТАУЛЫ

АҚСҮЙЕК

Жігіт-желен, қыз-қырқын
кіл жарасып,
Сезім толы көздері бір қарасып.
Ойнаймыз деп лақтырып
ақсүйекті,
Қол ұстасып барады
қырдан асып.

III орын

Нұрболат ӘЛДИБЕКОВ

ШОПАН ЕРЛІГІ
НЕМЕСЕ КӨКПАРДЫҢ
ШЫҒУ ТАРИХЫ

Шопан жігіт қырға
өргізіп отарын,
Өзі отырған төбесінде жотаның.
Құлағына жетті сол сөт боздаған,
Дауысы ашы ботаның.

Келесімен жүргенімен жанасып,
Енесінен қалған екен адасып.
Мұны көрген құнан қойдай
қос арлан,
Қалмасы анық жаны ашып.

Жас ботадан дөм татуды
жөн санап,
Жан-жағынан екі арлан
қоршап ап,
Шопан жігіт жеткенше ботаны
Тастаған-ды паршалап.

Қас-қағымда жетті жігіт жүгіріп,
Аң-таң болып тұрып қалды
кідіріп.
Таяқ тастам қашықтықта
шопанның

Қас жаулары түр ұлып.
Бойын билеп алғанымен
аз күдік,
Қолда камша, белді буды
тас қылып.

Қамшысымен қақ шекеден
біреуін,
Ұрып жығып, жарып желді жүрегін.
Екіншісін шала-жансар күйінде
Атка өңгерді бұл ерін.

Қазақы ердің жөндеп тартып
тартпасын,
Ауылына қарай бұрды ат басын.
Шопан жігіт ерлігіне танданып,
Жаудырды алғыс қарт-жасын.

«Тау тұлғалы сендерге елім
тамсанар,
Пәс болып жүрсін қас
дұшпандар пәтшағар.
Сөгілмесін іргесі – деп елімнің»
Бата берді ақсақал.

Бір-бір атты ерттеп мініп
шапқылап,
Жас жігіттер тұра қалды
сап құрап.
Содан кейін түз тағысын тірдей
Тақымға сап тартқылап,

Бір-бірінен жұлып ала жөнелді,
Қиқуласқан шуға дала бөленді.
Ымырт түсіп, түн ортасы
болғанша
Тарқамайды ол енді.

Ел басына орнағандай азат күн,
Танданды жұрт көрініске
ғажап тым.
Міне осылай пайда болған
бұл көкпар,
Ұлттық ойыны қазақтың.

Қысқа сұхбат

Ұстазым менің, ұстазым!

Әр мемлекеттің келбеті сол елдің жастарымен көрікті, сол елдің жастарымен жарқын! Олардың жарқын болмағы берілген тәрбие мен сусындаған кәусәр білімге тікелей байланысты. Осыған орай, ұстаз еңбегі қаншалықты маңызды екендігі баршамызға аян. Әсіресе ұрпақ тәрбиесіндегі ұстаздардың орны ерекше. Осыны ескере отырып, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Нұрсұлу Сейіткерімқызымен сұхбаттасқан едік.

– Сіз бастапқыда тарих факультетін тәмамдадыңыз, педагогика ғылымын таңдауыңызға не себеп болды?

– Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде студент болып, кейін осы жерде қызмет орнын жалғастыру мен үшін зор мақтаным, жастық шағымдағы

асқақ арманның орындалуының бір белгісі іспетті. Жалпы бойында елжандылық қасиет бар адам әр уақытта тарихты білуге, оны толық меңгеруге ұмтылады. Дәл сол себепті ең басында тарих мамандығын таңдағанмын, кейін педагогиканың ұрпақ тәрбиесіне тигізетін әсерін ескердім. Таңдау соған ауды. Себебі,

педагогика кез-келген ғылым саласын жан-жақты толықтырады. Менінше, ұрпақ тәрбиесі мәселесімен айналысу – қай заманда да мәртебелі өрі жауапты еңбек.

– Жаһандану дәуіріндегі қазақ жастарының ұлттық келбеті қандай болуы керек?

– Әр халықтың ұлттық келбеті әлбетте ең алдымен сол елдің қыздарының білімі, тәлім-тәрбиесі және инабаттылық қасиеттерімен бағаланады. Сондықтан жаһандану дәуіріндегі мәдени-идеологиялық экспанцияға қарсы тұру үшін, қыз балалардың тәрбиесіне ерекше көңіл бөлінуі керек. Сонда ғана на-



мысшыл, патриот, өршіл мінезді жас ұрпақ тәуелсіз, еркін еліміздің азаматтары дүниеге келеді. Қазіргі талаптарға сай, техникалық құралдарды, шет тілдерді білуі және қарым қатынасқа тез түскіш коммуникативті болуы тиіс. Патриот, ұлттық мүддені қоғамдық мүдде мен жеке мүддеден жоғары қоя білу қажет.

– Иmandылық турасында, атап

айтқанда иmandылықтың педагогика ғылымында алар орны қандай?

– Иmandылық тақырыбы – менің жүрегіме жақын басты тақырыптардың бірі. Зерттеу жұмысымының өзегі де – иmandылық. Иман деген сөздің өзі сенім деген мағынаны білдіреді. Сенім болмаған жерде өмір де, өлім де жоқ. Өзіңіз сенген нәрсеге ғана басқаларды сендіре аласыз. Сенімді ғылыми және діни тұрғыдан қарастыруға болады. Сенім Аллаға, Құдайға сену, адамдардың бір-біріне сенуі, болашаққа сену, өзіне сену. Ыбырай Алтынсарин: «Дін – тәрбие құралы» деп бекер айтпаса керек. Осы тұрғыда иmandылықты ұлттық тәрбие құндылығы ретінде насихаттау қажет деп білемін.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Жұлдыз СҮЛЕЙМЕНОВА

